

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Академиялық департаментінің директоры,
Ғылым департаментінің директоры.

30 қазан 2024 жыл

Сәрсенбі

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы *(Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева)*

3.1.1. «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент м.а., PhD Ергубекова Жанат Сапарбековнаның құжаттарын 60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент м.а., 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD Ергубекова Жанат Сапарбековнаның аттестаттау ісін 60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент м.а., 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD Ергубекова Жанат Сапарбековнаның құжаттарын 60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттарымен және ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: «Ергубекова Жанат Сапарбековна университетте 2008-2010 жж. магистратура, 2010-2013 жж докторантурада білім алып, 2014 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде докторлық диссертациясын қорғаған. 2014-2017 жж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында жұмыс атқарған. 2017 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет атқарып келеді. Жалпы жұмыс өтілі 16 жыл. Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 16 жыл. 2014 жылдан бері 6D011700 –

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD (10 жыл), 2018 жылдан университеттің доцент міндетін атқарушысы (6 жыл) қызметінде. 2020 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанды.

60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша ізденуші Ергубекова Жанат Сапарбековнаның PhD ғылыми дәрежесін алғаннан кейін 90-ға жуық ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде нөлдік емес импакт-факторға ие Скопус базасындағы журналдарда – 2; Web of science базасында 1 мақала уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 20; Шетелдік және Қазақстандық ғылыми журналдарда және конференцияларда – 66. Ізденушінің жеке авторлығымен 2 монография, 2 оқу құралы жарық көрген. Сонымен қатар коллективті 4 оқу құралының, 1 электронды оқулықтың авторларының бірі. Бұл оқу құралдары білім беру процесінде қолданылып келе жатыр.

Шығып сөйлегендер:


Сенат мүшесі, Филология факультетінің деканы филология ғылымдарының кандидаты Абдулкадир Өзтүрк мырза сөз алып, «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент м.а., 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD, Ергубекова Жанат Сапарбековнаның 60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінде қаралып, қолдау білдіргенін айтып өтті. Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі маман, оның ісін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұранамын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.1. «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент м.а., 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD Ергубекова Жанат Сапарбековнаның аттестаттау ісі 60200-Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы А.Абибуллаева*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева